

«Бір ел – бір кітап» акциясы

Қазақстанда республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігінің қолдауымен Ұлттық академиялық кітапханасы мен Кітапханашылар қауымдастығының бастамасымен 2007 жылдан бастап өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі үздік туындыны оқу және насихаттау, білім беру үрдісіне ықпал ету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулуға бағыттау. Сонымен қатар, бұл акция классиканы, заманауи әдебиет пен поэзияны қоса алғанда, отандық әдебиетке деген жұршылықтың қызығушылығын одан әрі арттыруға ықпал етеді.

Биылғы 2021 жыл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, жалпыхалықтық оқуға «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 кітап» рухани-мәдени акциясы ұсынылып отыр. «Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы аясында танымал қазақстандық авторлардың поэзия, проза, драматургия, балалар әдебиеті және аударма саласындағы 30 үздік туындысы таңдалды. Акция аясында жалпыхалықтық оқуға ұсынылған жыл кітаптары үлкенді сыйлау, сөз тыңдау, ата дәстүрін құрметтеу сияқты дәстүрлерге мән беруге, рух, жан тазалығын, шынайы қасиеттерді сүйіп, толғануға бағытталған «Отыз жылдыққа отыз кітап».

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы оқырмандар арасында өз орнын тауып келеді.

2021 жылы қазанның 20 жұлдызында М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің Тұңғыш Президент Залында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 кітап» рухани-мәдени акциясы өтті. Шараға университеттің «Тарих, құқықтану және экономика» факультетінің студенттері мен оқытушы Қуандықова Данагүл Қайнетқызы қатысты.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мақатаев М.Өмірдастан.Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар./М.Мақатаев.-Алматы: Жазушы,1976. - 232 б.
2. Алтынсарин Ы.Өнер-білім бар жұрттар: Өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар және естеліктер / Құраст.С.Мақпыров.- Алматы: Жалын,1991. – 235 б.
3. Нәжімеденов Ж. Менің Қазақстаным/Ж.Нәжімеденов. – Алматы: «Арыс» баспасы,2005. - 112 б.
4. Тоқтарәлі Таңжарық. Түн парақтары. Өлеңдер/Тоқтарәлі Таңжарық. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС,2008. – 64 б.
5. Есдәулет Ұлықбек. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 2 том.: Киіз кітап.Ел мен жер жырлары / Есдәулет Ұлықбек. - Алматы: Жазушы, 2006. - 264 б.
6. Жармағамбетов, Т.
Отамалы: әңгімелер мен хикаяттар / Т. Жармағамбетов; Құраст. Е. Дүйсенбайұлы. - Алматы: Раритет, 2002. - 212 б.
7. Кристи Агата. Ғайып болған миллион. Әңгімелер/Ағылшын тілінен аударған Ә.Ахметов. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2003.- 160 б.
8. Сәукетаев Т.Желқайық. Роман / Т.Сәукетаев. - Алматы: «АнАрыс баспасы», 2019. – 580 б.
9. Нәжімеденов Ж. Үш томдық шығармалар жинағы / Ж.Нәжімеденов.- Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2010.
Т.1. Өлеңдер мен поэмалар. - 328 б.

Шара барысында тағы да осы аталған авторлардың басқа да шығармалары мен журнал материалдары пайдаланылды.